**Бекітілді**
**«Жауқазын» бөбекжай бақшасы**
**меңгеруші__________М.Ж.Аманова**
**«27 » тамыз 2021ж**

**Келісілді:**
**әдіскері____________С.О.Шамганова**

**Вариативтік компонент**

**«Ертегілер елінде»**

**Тәрбиешілер: Курмангалиева.Ж.Д.**
**Рахметова. А.Ж**

**2021-2022 оқу жыл**

## Түсінік хат

Ересек топқа арналған таңдау курс бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ересек топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор. «Ертегілер елінде» таңдау курсында қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды. Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен білдіреді.«Ертегілер елінде» бағдарламасы ересек топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған. «Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 36 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1сағат. Бағдарлама 4-5 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

**Мақсаты:** Балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету,сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

**Міндеттері:** Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

**Күтілетін нәтиже:** - Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді болуды дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.

- Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.
- Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.
- Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді

Білім беру саласы: "Көркем әдебиет"
ҰОҚ: «Ертегілер елінде»

| № | Айы | тақырыбы | Білім беру саласы: "Көркем әдебиет" Шығармашылы жұмыс тақырыбы: Театрландырылған оқу қызметі | | ҰОҚ саны | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Мақсаты* | *Көрнекі құралдар* | | |
| 1. | ҚЫРКҮЙЕК | **"Бауырсақ" ертегісі** | **I апта**<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. Балаларды ертегі кәйіпкерлерінің іс – әрекеттерімен таныстыру, іс –әрекеттерді бағалауға дағдыландыру. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 3.09 |
| 2. | | | **II апта**<br>Балаларға ертегілерүстел үсті театры арқылы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып,қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету. | Ертекші, шал, кемпір, бауырсақ, қоян, аю, қасқыр, түлкі. тақта, орман, орманды мекен-деген аңдар, ағаштар. | 1 | 10.09 |
| 3 | | | **III апта**<br>Балалардың "Бауырсақ"ертегісін қуыршақ театры арқылы ойнап көрсетулерін түсіндіру.<br>Балаларға ертегідей жұптаса орындату барысын сөйлеу арқылы, тілдік қорларын, ойлау қиялдарын есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Балалардың рольдерді ойнауға еңбекқорлыққа, достыққа, кішіпейілдікке, мейірімділікке тәрбиелеу. | Үн таспа, "бауырсақ" ертегі кейіпкерлерінің қуыршақ бейнелері, ширма. | 1 | 17.09 |
| 4 | | | **IV апта**<br>Балалардың сөздік қорын жетілдіру негізінде тілдік құзіреттілігін қалыптастыру. Түрлі рольдерді қабылдай білуге және сөздерді түсінуге жаттықтыру. Ертегінің қойылымына қызғушылықтарын арттыру. Бір – біріне деген сыйластыққа тәрбиелеу | Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. | 1 | 24.09 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | | | **Ү апта**<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. Балаларды ертегі кәйіпкерлерінің іс – әрекеттерімен таныстыру,бағалауға дағдыландыру. | Ертекші, шал, кемпір,келерінің бауырсақ, қоян, қас-гтері қыр, аю, түлкі. тақта, орман, орманды мекен-деген аңдар, ағаштар. | | 1.10.1 |
| 6 | ҚАЗАН | **Шалқан ертегісі** | **I апта**<br>Балаларға көркем туындысын түсіндіре отырып, шығарманың көркем мәтінін түсіндіру.<br>Білімділік: Еңбек сүйгіштікке баулу, мақал – мәтелдер жаттату, жұмбақ жасыру, ертегі кейіпкерлерін сахналау, ертегі мазмұның меңгерту. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 8.10 |
| 7 | | | **II апта**<br>Кейіпкерлердің іс - әрекетін, мінез құлқын, айта білуге үйрету. үстел үсті театр түрлерімен таныстыру. Ертегі арқылы бала-лардың тілдерін дамыту. Достыққа, бір - біріне қамқорлық жасауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Үн таспа, "Шалқан" ертегі кейіпкерлерінің қуыршақ бейнелері, ширма. | 1 | 15.10 |
| 8. | | | **III апта**<br>Балалардың назарын тәрбиеші өзіне қаратып, ертегі мазмұнын естеріне түсіру.Сұрақ қоя отырып ертегі мазмұнын айту. Ертегі кейіпкерлерін көлеңке арқылы тани білулерін қадағалау. | Мәрліден сахна. | 1 | 22.10 |
| 9 | | | **IV апта**<br>Шалқан ертегісін сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын, қиялын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін жеткізу. Үй жануарлары жайында түсініктерін толтыру | Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. | 1 | 29.10 |
| 10. | ҚАРАША | **«Лақтар мен Қасқыр» ертегісі** | **I апта**<br>Балаларды әдебиет кейіпкерлерінің іректеттерімен жүріс – тұрыс-тарын талдау кезінде оларға мейірімділікті, қайырымдылықты білдіруді өзара көмектесу қабылданған ережелеріне сәйкес баға беруге үйрету. | Ертегі желісі бойынша суреттер | 1 | 5.11 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | | | **II апта**<br>«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің үзіндісін үстел-үсті театры арқылы айту,бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту сұрақ-жауап әңгімелесу. Балалардың сөйлеу, есте сақтау, тілдік қорын дамыту. Балаларға кейіпкерлердің рөлін ойнауды үйрету, сөздерін жаттау, дүнте танымын кеңейту.Адамгершілікке, ақылдылыққа аңқау болмауға, көпшіл болуға,шыншыл, мейірімді болуға тәрбиелеу. | Сиқырлы текше, сурет-тер, атрибуттар, орман, жеті лақ, ешкі,қасқыр үстел-үсті театр., үй, | 1 | 12.11 |
| 12. | | | **III апта**<br>Балаларға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Қойылған сұрақтарға тиянақты етіп, жауап берулерін қдағалау. Кейіпкерлердің әрекетіне, оқиғаларға ерекше ден қоя білуге дағдыландыру. Ертегі айтқан кезде қозғалу әрекетіне көңіл бөлу. | Фланелеграф. Ертегі кейіпкерлері (матаға жапсырылған) | 1 | 19.11 |
| 13. | | | **IV апта**<br>Әрбір кейіпкердің рөлін ойнай отырып,қимыл арқылы көрсетуге үйрету; дауыс ырғағын,дауыс көркемділігін дамыту; ертегіні сахналауға үйрету; үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу. | Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. | 1 | 26.11 |
| 14. | **ЖЕЛТОҚСАН** | **«Үйшік» ертегісі** | **І-апта**<br>Ертегіні мәнерлеп оқу. Балаларды ертегі кәйіпкерлерінің іс – әрекеттерімен таныстыру, іс –әрекеттерді бағалауға дағдыландыру. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 3.12 |
| 15. | | | **ІІ-апта**<br>Балаларды ертегі мазмұнын бұзбай өз сөздерімен баяндап беруге дағдыландыру.Балаларға ертегіні үстел үсті театры арқылы сахналап көрсету. | Үстел үсті қуыршақ театры | 1 | 10.12 |
| 16. | | | **ІІІ-апта**<br>Баланың назарын таетрға бөлу.Ертегіні сұрақ қоя отырып, естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін көлеңке театры арқылы байқай білуге дағдыландыру. Қызыға отырып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Ертегі мазмұнын толық айта білуге үйрету. | Көлеңке таетры | 1 | 17.12 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | | | **IV-апта**<br>Баланың естеріне ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып түсіру. Ертегіні кейіпкерлердің киімдерін кигізе отырып, өздері ойнайтыны туралы айту. Кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ертегідей кеіпкердің іс – әрекетін сезініп, қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеп ойнай білуге үйрету. | | 1 | 24.12 |
| 18. | | **«Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)** | **I апта**<br>Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі-қу) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 24.12 |
| 19 | | | **II апта**<br>Баланың естеріне ертегі мазмұнын сұрақ қою арқылы түсіру. Кейіпкердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл бөлу. Ертегідей кейіпкердің іс-әрекетін сезініп, қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеп ойнай білуге үйрету. | Үстел үсті театры | 1 | 31.12 |
| 20 | | | **III апта**<br>Балаларға қуыршақ театры арқылы көрсетілген ертегіні тыңдай білуге, мазмұнын түсіне білуге баулу. Ертегі кейіпкерлерінің мінез – құлықтарын, іс - әрекетін талдай білуге үйретуді жалғастыру. Мейірімділікке, көмеккекелу, игіқарым – қатынасқатәрбиелеу. | | 1 | 7.01 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20. | | | **IV апта**<br>Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы,қимыл- қозғалыс, дауыс құдіреттілігін) қолдануды дамыту. Шыншылдыққа, адамгершілдікке, достыққатәрбиелеу | Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. | 1 | 14..01 |
| 21 | АҚПАН | **«Түлкі мен Тырна» Орыс халық ертегі** | **I апта**<br>Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 21.01 |
| 22. | | | **II апта**<br>Балаларға үстел үстіндегі театр және көлеңкелі театр туралы түсінік беру, ертегілер кейіпкерлерін таныту, оларды дұрыс ажырата білуге үйрету. Көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру. Ойын, тілін, білімділігін, сөздік қорларын молайту.<br>Ертегініқызығушылықпентыңдауғадағдыландыру, балалардытатулыққа, ұйымшылдыққа, адамгершіліккетәрбиелеу. | | 1 | 28.01 |
| 23. | | | **III апта**<br>Қуыршақ театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үйрету, сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру, адамгершілікке, достық қарым - қатынасты бағалай білуге, шығармашылыққа тәрбиелеу. | Үн таспа, "Түлкі мен тырна" ертегі кейіпкерлерінің қуыршақ бейнелері, ширма. | 1 | 4.02 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыландыру. Әр кейіпкерді бір-бірімен байланыстырып сөйлеуге, араларындағы байланысты бұзбай айтуға үйрету. Достыққа, адамгершілікке үйрету. | | | |
| 29 | СӘУІР | **«Шұбар тауық» ертегісі** | **I апта**<br>Балаларға ертегінің мазмұнын, кейіпкердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету, олардың үстел үстінде пайда болуына назарларын аудартып, қимыл әрекетіне көңілдерін бөлу, баланың кейіпкерді өздері ұстап, ертегі мазмұнын айтаотырып, қимыл – қозғалысын келтіре білуге дағдыландыру. Кейіпкердің көңіл күйін сөзбен айта білуге қалыптастыру. | Ертегі кейіпкерлері картоннан жасалып бекітілген үстел. | 1 | 18.03 |
| 30. | | | **II апта**<br>Балаға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Қойылған сұрақтарға тиянақты етіп, жауап берулерін қадағалау. Кейіпкерлерді қимылдата отырыпғ ертегі мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру. | Фланелеграф Ертегі кейіпкерлері (матаға жапсырылған) | 1 | 1.04 |
| 31 | | | **III апта**<br>Баланы тағы бір театр түрімен таныстыру. Бұл театрда ертегі кейіпкерлерін тек қана көлеңкесін байқайтындарына баланың көздерін жеткізу, таныс ертегіні ынтамен қызыға отырып, аяғына дейін тыңдауға даңдыландыру. Көлеңкеден ертегі кейіпкерлерін тани білуге, аттарын сұрау арқылы жауап алу. | Сахнаға жасалған лампа, ертегі кейіпкерлері, қара мен боялған картон. | 1 | 8.04 |
| 32 | | | **IV апта**<br>Ертегіні сахналап көрсету, білімдерін күшейту.<br>Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу.<br>Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет.<br>Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу. | Арибуттар | 1 | 15.04 |
| 33 | **МАМЫР** | **«Алдар көсе мен бай» ертегісі** | **I апта**<br>Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру.<br>Ертегі тыңдау қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қорын , байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Қайырымдылыққа, адамгершіліккасиеттергетәрбиелеу. | Ертегі кейіпкелерінің суреттері | 1 | 22.04 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 34. | | | **II-апта**<br>Ертегіні оқып беріп мазмұнын сұрау. Балалардың сана-сезімін,ақыл ойын дамыту. .Балаларды имандылыққа,әдептілікке,кішіпейілдікке тәрбиелеу. | Ертегі желісі бойынша суреттер | 1 | 29.04 |
| 35. | | | **III-апта**<br>Балаларға ертегіні қуыршақ театры арқылы ойнап көрсетулерін түсіндіру.<br>Балаларға ертегідей жұптаса орындату барысын сөйлеу арқылы, тілдік қорларын, ойлау қиялдарын есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Ертегі мазмұнын сұрақ қоя отырып, толық айтуға үйрету. | Үн таспа, "Алдар көсе мен бай" ертегі кейіпкерлерінің қуыршақ бейнелері, ширма. | 1 | 6.05 |
| 36. | | | **IV-апта**<br>Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтау. Ым - ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау. Ертегі кейіпкерлердің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.Ертегі желісін сахналау арқылы балалардың өздері көрсете білу дағдысын қалыптастыру. | Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. | 1 | 13.05 |
| | | | | | **36** | |